

**Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы № А-2/60 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 ақпанда № 26811 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағындағы 7-3) тармақшасына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Ақмола облысы бойынша ата-ана төлемақысының мөлшері.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 05.12.2023 № А-12 /555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 01.03.2023 № А-2/ 68 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 12.04.2022 № А-4/ 170 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

*Ақмола облысының әкімі*

*Е.Маржикпаев*

Ақмола облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 8 ақпандағы  
№ А-2/60 қаулысымен  
бекітілген

**Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Ескерту. Тапсырыс жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 19.04.2024 № А-4 /178 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мемлекеттік және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі топтардың түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				
		болу режимі 10,5 сағаттық топта	болу режимі 9 сағаттық топта	санаторлы топта	түзету түріндегі топта	жарты күн болатын топта
Қала	19 733	54 506 теңге	50 181 теңге	81 598 теңге	98 103 теңге	24 018 теңге
Ауыл	18 088	60 747 теңге	55 728 теңге	91 999 теңге	111 104 теңге	26 792 теңге
		Педагогтардың педагогикалық шеберлігінің біліктілігі болған жағдайда мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша сенімгерлік басқаруға берілген мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі топтардың түрлері және бір оқушыға шаққандағы шығындардың орташа құны (теңге)				
		болу режимі 10,5 сағаттық топта		санаторлы топта	түзету түріндегі топта	
Қала	1 493	56 571 теңге		81 598 теңге	98 103 теңге	
Ауыл	153	63 329 теңге		91 999 теңге	111 104 теңге	

Ақмола облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 8 ақпандағы  
№ А-2/60 қаулысына  
2-қосымша

### Ақмола облысы бойынша ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қаулы 2-қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 05.12.2023 № А-12/555 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Бір тәрбиеленушіге айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)		
3 жасқа дейін	3 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін	жарты күн болатын топта
14 576,36 теңге	17 805,80 теңге	8 902,90 теңге